


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

3-СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

М. Баймуханбетова

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
e-mail: Asylum1912@mail.ru
Қазақстан, Астана қ.,

Т. ШОНАНҰЛЫНЫҢ ТІЛ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Аннотация. В данной статье дается краткий обзор методических трудов Телжана Шонановича, рассматриваются методы и приемы, применяемые в обучении языку. Сегодня молодому поколению будет рассказано о важности.

Annotation. This article provides a brief overview of the methodological works of Telzhan Shonanula and discusses the methods used in language teaching. The importance of today's young generation is explained.

Key words: T. Shonanuly, spelling, language development, methodology of the Kazakh language, tasks, review, problem.

Қазақ лингвистикасы мен қазақ тілін оқыту әдістемесін қалыптастыруда, дамытуда Телжан Шонанұлының еңбегі зор. Жаңа әліппе, «Бірінші басқышта ана тілі», «Қазақ жері мәселесінің тарихы», «Тіл дамыту», «Қазақ тілі өзге ұлт өкілдеріне арналған қазақ тілі» оқулықтарымен т.б көптеген еңбектері –қазақ тілі, тарихы, мәдениеті, әдістемесінің негізін қалаған туындылар болып саналады.

Телжан Шонанұлы қалам тартқан оқулықтарын бастауыш сыныптарға, жаңа сауаттанып келе жатқан ересектерге және 1923 жылдан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқи бастаған өзге ұлт өкілдеріне арнап жазады. Телжан Шонанұлы емле, тіл дамыту, қазақ тілін оқыту әдістемесі, хрестоматия сияқты әр түрлі салаларды қамтып кең көлемде еңбектер жазды.

Атап айтқанда, Т.Шонанұлының әдістемелік еңбектері «Жаңалық» (әліппе). 3-басылым. Қызылорда. (1929). «Жаңалық» (әліппе). 4-басылым. Қызылорда. (1929). «Жаңа әліппе» (1929). «Сауаттан». Қызылорда. (1930), «Жаңалық» (әліппе). 5-басылым. Қызылорда. (1930). «Жаңалық» (әліппе). 6-басылым. Қызылорда. (1931), «Орыстар үшін қазақша әліппе». Алматы, (1931), «Қазақ тілінің оқу құралы» (орыс мектептері үшін). Алматы. (1933), С.Жиенбайұлы, Ғ.Бегалымен бірге «Бастауыш мектептердегі қазақ тілінің әдісі» Қызылорда, (1935), «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі» т.б мақалалар жазды.

1927 жылы ҚАЗПИ-дің доценті Молдағали Жолдыбайұлымен бірлесе отырып жазған еңбектері «Жаңа арна» және «Тіл дамыту» 2-кітап. Қызылорда (1931), «Тіл дамыту» III бөлім. (1931). [2.74].

1930 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Тіл дамыту» 2-ші кітабында қазақ тіліне байланысты және оны оқыту жөнінде ғылыми тұрғыдан талдай отырып, оқыту туралы нақты салиқалы пікірін білдіреді. Бұл еңбекте азат жолға байланысты «Жол аузында» деген мақаланы бере отырып, балаларға тапсырмалар береді, азат жол туралы анықтама беріп оны түсіндіреді. Әрбір берілген мәтіннен кейін нақты тапсырмалар ұсынады.

Жұмыс: Осы мақалада неше бөлім бар екенін тауып, әр бөлімнің суретін салыңдар және мақалаға жоспар құрыңдар деген сияқты тапсырмалар береді. Осы еңбегінде көптеген мәтіндер мен мысал өлеңдер бере отырып, олардың тыныс белгілерін дұрыс қояды үйретеді [1.20].

Бастауыш сыныптарға арнап жазған «Әліппе», «Жаңалық», «Жаңа арна» оқулықтарында әдіскер-ұстаз балалардың қабылдауына жеңіл боларлықтай етіп жаттығулар мен сауалдарды жүйе-жүйе бойынша береді. Аталған оқулықтары мен оқу құралдарында

балаларға жеңіл және қызықты болу үшін көптеген сурет, кесте, көрнекі құралдарды барынша сәттілікпен қолдана білген.

Т.Шонанұлының аталған ғылыми әдістемелік еңбектерінде қазақ тіліне байланысты және оны оқыту әдісі жөнінде теория мен практика табиғи бірліктен алына отырып, оқыту әдістері мен тәсілдері туралы құнды ойларын ортаға салады. Осындай оқыту әдістері мен тәсілдерінің бірі емле қателігін жою. Емле қателігін жоюда мынадай әдіс-тәсілді қолданады. [2.19].

1. Бір бөлімдегі тәуір бала мен нашар бала арасындағы айырмашылық аспан мен жердей болып отыр. Мұнан тәуір бала ілгері жүре алмайды. Нашар баладан бәрібір пайда жоқ, ол тек бөлімнің арасында тізім болады да отырады. Сондықтан өте нашар баланы бөліп, өзінің мардамы жететін бөлмеде ұстау керек. Сол бөлменің дүрмегіне ілесе алатын нашар балаға айрықша, арнаулы көмек ұйымдастыру керек. Көмек түрі-нашар балаға сабақ үстінде айрықша зейін салу, кітап, құрал, қағаз, қарындашы мен қамсыздандыру, жетісіне екі-үш рет бөлек оқыту, жәрдем беру, ата-аналарын шақырып алып, түсіндіру т.б.

2. Бірінші, екінші бөлімдерде балалар, сөзді, буынды, дыбыстарды тастап кетуінің басты себебі-сөз, буын, дыбыстарды дұрыс ести алмауынан, оқытушының диктант әдісін дұрыс білмеуінен.

3. Жазғанда сөзді, буынды, дыбыстарды тастап кетумен күресу үшін, 1-2-бөлімдерде балаларды көшіріп жазуға көп дағдыландыру керек. Көшіріп жазуды оқушылар көбінесе емле кемшілігін жоюда жәрдемші ету керек.

Үйге көшіруге берілетін жұмысты да оқытушы түзеп, бақылап, сынап отыруы керек. Үйге көшіруге берілетін текст өте кішкене болу керек. Көшіргенде бала емленің керекті жерлерінің астын қызыл иә көк қарындашпен сызып отырсын.

4. Емледе жаттықтыру үшін диктант жүруі керек. Диктанттың екі үлкен айырығы бар:

Сақтандыру және сынау – тексеру диктанты. Сақтандыру диктанты үш түрлі – көру, есту, шығарма жазу.

5. Емлені дұрыс білу үшін оны грамматикамен тілдің басқа жұмыстарымен байланыстыра отыру керек, жазған сөздерін бала грамматика жағынан талдап отырсын.

6. Тыныс белгілері, бір жағынан, сөйлем мүшесінің ережелерімен байланысты болса, екінші жағынан, баланың дұрыс ырғағына келтіріп сөйлеуі және оқытуымен де байланысты. Сөйтіп, тыныс қателерінің бір ұшы оқуға келіп тіреледі, оқу үстінде де тыныс белгілерін түсіндіре отыруы керек.

7. Мектепте баланың білімін сынаудың бір жолы – жазған жұмыстарындағы қателерін түзету. Қате түзетудің түрлі жолдары бар. Әртүрлі жұмыстың қатесін әртүрлі жолмен түзету керек.

8. Қолы жаман баланың қатесі де көп болатынын экспедиция жұмысы көрсетіп отыр. Сондықтан, баланың анық, әдемі жазуына күнде зейін салып отыруы керек.

9. Емле жөнді жүрмеуіне себептің бірі – мектепте құрал кемістігі «Әліппе», «Емле кестесі», «Тыныс белгілерінің кестесі» жоқтығы.

10. Басқа пәндер сабағы сияқты, емле сабағы да үш түрлі болады:

А) жаңа білім беру

Ә) білімді сіңіру

Б) білімді тексеру-сынау.

Бұл үш түрдің бірі қалып қойса, емле сабағы дұрыс жүрмеген болады.

А. Жаңа білім беру желісі мынадай болады:

1. Бұрынғылармен байланыстыру (жаңа біліммен сабақтас бұрынғы білімдерін қайтару)

2. Балаларға жаңа ілімнің мақсатын түсіндіру. Мысалы, «Бүгін қос сөздер жағын үйренеміз» деген сияқты.

3. Жаңа білім беру: кітапта иә тақтада жазулы текстен керек құбылысты бақылап, оқытушының жетегімен көзін үйрету, салыстыру.

4. Оқытушы жетегімен қорыту шығару.

5. Қорытуды жазып алу.

6. Балалар өз бетімен жұмыс істеп, бұл білімді сіңіру.
- а) ұсақ мысалдар ойлап табу.
- б) сол ережеге лайықты сөздерден кесте жасау.
- с) кітаптан мысалдар іздеп табу.
- ж) оқу құралдарында берілген жұмысты орындау.
7. Балалардың өз бетімен істеген жұмыстарын тексеріп сынау.
8. Үйге жұмыс тапсыру.
9. Істеген жұмысын шолу.

В. Емленің жаңа ережесін сіңіру сабағының желісі мынау:

1. Өткен сабақпен байланыстыру. (Өткен сабақта не білдік)
2. Мақсат қою (бәлендей ережені сіңіру).
3. Көрсету диктаны. (жаңа, дұрыс жазылған үлгілерді байқату).
4. Керек сөздер кестесін жасау.
5. Мысал ойлап тауып, оны жазу.
6. Емле сөздігіне керек сөздерді жазып алу.
7. Үйге ықшамдау жұмыс беру.

Екінші сабақта да жаңа ереже өзі реттеп сіңіріледі, оның үстіне көшіру, тексті оқу, түсіндіру, білім сынау, тексеру және үйге жұмыс тапсырулар болады.

Үшінші сабақта өткенді қайтарып, тақтаға керек сөздерді жаздырып, сабақ мақсатын түсіндіреді. Оның үстіне мынадай жұмыстар қосылады:

1. Оқытушы тұрғысынан керек текстті оқу.
2. Оған сұрау қойылады. (балалардың түсінігін байқау үшін)
3. Текстен соң бөлек сөйлемдер оқылады.
4. Грамматика жағынан талдау болып, тақтаға жазылған сөздер емлесі түсіндіріледі.
5. Жазады.
6. Жазғанды тексеру, сынау.
7. Үйге жұмыс тапсыру.

Төртінші сабақта шығарма, диктант істеліп, керек сөздерді иә әріптерді балалардың өздері тауып жазады.

Балалардың қателері түзеледі, тексеріледі, сыналады.

Бесінші сабақта тексеру жұмысы жүргізіледі.

Алтыншы сабақта балаларға жіберілген қателері бойынша қосымша сұрақтар болады. Міне, сөйтіп, бір ереже балалардың миына әбден сіңген соң, келесі ережеге көшу керек.

11. Балалар жақсы сауатты бола алмауына бас себеп – оқытушылар мен білімінің тапшылығы, әдіске шорқақтығы, тәжірибесінің кемдігі, грамматика мен емлені дұрыс білмеуі, оқытушылардың бір жерден, екінші жерге суси беруі деді [3.28].

Қорытындылай келе, ғалым ұстаз оқулықтарының ерекшелігі – ұлттық діл мен дәстүрдің терең ойластырылып ұсынылуы. Халықтық салт-сананы, алаш зиялыларының ұлттық идеяларын бойына берік сіңірген автор, қандай оқулықтарында болмасын жас жеткіншектердің отансүйгіштік қасиеттерін ұштап отыруды мақсатты түрде көздеген. Қазіргі жас ұрпаққа білім беруде Т.Шонанұлының ұсынған әдіс-тәсілдерінің маңызы зор деуге болады.

Әдебиеттер

1. Шонанұлы Т. Тіл дамыту. 2-бөлім. Алматы, 1930. 54 б
2. Құлманов Қ.С. Т.Шонанұлының шығармашылық мұрасы. Филол. ғыл. канд. ... диссертациясы. – Астана, 2002. – 129 б.
3. Белғара Б.Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен хрестоматия. Оқу құралы. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы. 2007. – 240 бет.